



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

Сонымен қатар, қаржылық жоспар құру кезінде кәсіпорынның қаржылық дамуына қажетті қаражаттарды анықтау үшін қаржылық жоспарды инвестициялық жоба ретінде бағалауды қажет етеді деп болжанады. Бұл дегеніміз – бизнес-жоспарда қарастырылған қаржы жұмсалымдары экономикалық тиімділік жағынан негізделген болуы тиіс. Жоспардың басқа бөлімдеріндегі барлық көрсеткіштердің негіздемесі болғанда ғана қаржылық нәтижелер болжамы нақты болады. Мысалы, сатудан түскен табыс болжамдық бағаға сүйеніп анықталады және түбегейлі маркетингтік зерттеулерге негізделуі тиіс. Болжамдық есептеу дәлдігіне өндіріске жұмсауы жоспарланған материалдар мен шығындар көлемі көбірек ықпал етеді. Оны анықтау кезінде жоспарлық кезең ішінде орын алуы мүмкін өзгерістерді ескере отырып, есептеулерді бірнеше нұсқада жасау қажет. Сатылым көлемін, сатылған өнімді өндіруге жұмсалған шығындар, сатылымнан бөлек операциялардан келген табыс пен шығынды болжап, өндірісті дамытуға және өнімді өткізуге қажет қосымша резерв көздерін табуды көздеу керек. Мұндай қосымша мүмкіндіктер кәсіпорын іс-әрекетінің бейіміне қарай құрылған бизнес-жоспарда белгіленуі мүмкін. Кәсіпорынның қаржылық-шаруашылық іс-әрекетін талдау нәтижесінде анықталған қосымша қаржы мүмкіндіктері шынайы бағалануы үшін оны жоспарлық кезеңнің әр түрлі мүмкін жағдайын ескере отырып, бірнеше нұсқада жасау қажет.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қаржылық менеджмент: оқулық / Б. С. Есенгельдин, Е. Т. Ақбаев. – Алматы : Дәуір, 2011. – 288 б
2. Қаржылық талдау: Оқулық / Т. Ж. Демесінов ҚР Білім және Ғылым мин-гі. - Алматы: Дәуір, 2011. - 320 б
3. Дюсембаев К.Ш., Төлегенов Э.Т., Жұмағалиева Ж.Г. Кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдау, А., Экономика. 2007 ж-230б.
4. Тони Райс, Брайн Койли «Қаржылық инвестиция және тәуекелділік», 2005ж.

ОӘЖ 336.647

КӘСІПОРЫНДА ҚАРЖЫЛЫҚ БОЛЖАМДАУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Орынбек Диана Дәуренқызы

diko_96_1996@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі –Ғ.Е. Керімбек

Қаржылық болжамдау – болашақтағы экономикалық жүйелердің жағдайын және экономикалық объектілерді сонымен қатар олардың сипаттамалары туралы болжамдарды әзірлеу және құру үдерісін қалыптастыру болып табылады.

Қаржылық болжамдаудың мақсаты – қаржылық ресурстардың болжамданған көлемін бағалау, шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметін қаржылық қамтамасыз етудің артықшылышты нұсқаларын анықтау болып табылады.

Қаржылық болжамдау үдерісінде қаржылық көрсеткіштерді есетпеу үшін мынандай әдістер қолданылады:

- сараптамалық бағалау әдісі;
- терндтік әдіс;
- экономико-математикалық модельдеу әдісі;
- қаржылық математика әдісі.

Сараптамалық бағалау әдісі – белгілі бір сұарқ бойынша сарапшы мамандар бағалардың математикалық өңделуін және жалпылауын ұсынады. Бұл әдістің тиімділігі сарапшылардың кәсібилігіне және біліктілігіне байланысты. Осындай болжамдау жеткілікті

түрде нақты болуы мүмкін, бәрақ сарапшылардың бағалары субъективті сипатқа ие және әрдайым рационалды түсіндіруге жатпауы мүмкін.

Трендтік әдіс – абсолютті тұрақты өзгерістер немесе қарқынды тұрақты өзгерістерден шыға отырып, тек уақыт факторынан шығыстар мен кірістердің кейбір топтарына деген тәуелділікті ұсынады. Кейде бұл әдісті экстрополяция деп атайды өткен уақытта қалыптасқан трендтерді болашақта тарату.

Экономика-математикалық модельдеу – шартты, нақты объектінің оңайтылған бейнесін, басқару немесе іздестіру үдерісін нақты объектінің қасиеттерін іздестіру мақсатында құру болып табылады. Математикалық модельдеу көрсеткіштердің әртүрлі мәндерінде олардың өзгеруіне байланысты осы немесе басқа өзгерістерін сипатқа ала отырып, модельдеу үдерісі үшін қолданылады немесе қаржылық экономикалық талдау үшін осы және басқа көрсеткіштер үдерісін жоспарлауына және қызметтендіруіне талдау жасайды.

Қаржылық математика әдісі- негізгі қағидасы уақыттың әртүрлі сәттеріне байланысты ақша өзгерісінде. Кез-келген сома инвестрленген болуы мүмкін және кіріс алып келуі мүмкін ақша айырмашылығы осыдан анықталады. Сондықтан қазіргі ақшалар болашақтағыдан құндырақ, ал болашақтағы кірістер бүгінгіге қарағанда құндырақ. «Ақша өзгерісі» қағидасының нәтижесі уақыттың әртүрлі сәттеріне байланысты ақшалай шамаларды жинақтаудың заңсыздығы. Осы типтес жинақтау тек уақыт факторы ешқандай мәнге ие болмаған кезде қолайлы [1, бет 65].

Қаржылық болжамдау үдерісінде қаржылық көрсеткіштерді есептеу үшін мынандай ерекше әдістер қолданылады:

- математикалық модельдеу әдіс;
- эконометрикалық болжамдау әдісі;
- сценарилерді талқылау әдісі;
- стохастикалық әдіс.

Математикалық модельдеу әдіс – қаржылық болжамдау көрсеткіштеріне әсер ететін бірнеше факторлардың байланысын ескеру және қаржылық саясат мақсатына, экономикалық-әлеуметтік дамуға, өндірістік концепцияларға сәйкес келетін болжамдық жобаның бір нұсқасын таңдау болып табылады.

Эконометрикалық болжамдау әдісі – экономикалық теория және статистика қағидаларына негізделген; болжамдық көрсеткіштерді есептеу болжамдық фактор ретінде әрекет ететін бір немесе бірнеше экономикалық айнымалылардың статистикалық бағалық коэффициент негізінде жүзеге асады; қаржылық болжамдық көрсеткіштерге әсер ететін бірнеше айнымалылардың бір уақытта өзгеруін қарастыруға мүмкіндік береді.

Қаржылық үдеріске әсер ететін факторлардың өзгеруіне байланысты экономикалық модельдер белгілі бір деңгейде ықтималдық динамикасының көрсеткіштерін сипаттайды. Эконометрикалық модельді тұрғызу кезінде регрессиялық талдаудың математикалық аппараты қолданылады. Ол экономикадағы базистік кезең ішінде қалыптасқан пропорциялар мен өзара орташаларға сапалық түрде баға береді.

Сценарилерді талдау әдісі – әрдайым объективтіліктен және ғылымнан таралмайды, оларда әрдайым саяси ұстанымдардың әсері және жеке лауазымды тұлғалардың, инвесторлардың, жеке меншіктердің әсері сезіледі, бірақ бұл кейбір саяси уәделердің жүзеге асу салдарын бағалауға мүмкіндік береді.

Стохастикалық әдіс – болжам сияқты болжамдық қаржылық көрсеткіштер және қолданылатын мәліметтер арасындағы ықтималдық сипатты ұсынады. Қаржылық болжамның нақты ықтималдық есебі болжамдау кезінде қолданылатын эмпирикалық мәліметтер көлемі арқылы анықталады [2, 2156].

Қаржылық болжамдау нәтижесі – ғылыми негіздемелік болжамдар жүйесі туралы болашақта дамуға мүмкіндік беретін бағыттар және қаржы жүйесі мен оның басқа салаларының, қаржылық қатынастар субъектілерінің жағдайы туралы қаржылық болжамдауды құру болып табылады. Кәсіпорынның қаржылық жағдайын болжамдау үшін

алдымен қазіргі жағдайын талдап алу қажет, сол себепті кәсіпорынның активтерімен міндеттемелерінің өтімділік деңгейін және кәсіпорынның тиімділік көрсеткіштеріне назар аудару қажет. Оны төменде көрсетілген 1-2 кестелерден көре аламыз [3, 904б].

1-кесте. Активтердің өтімділік деңгейін талдау

Активтер
Ең өтімді активтер (А1)
Ақша қаражаттары және олардың эквиваленттері
Тез өтетін активтер (А2)
Ағымдағы тауарлық дебиторлық берешек
Баяу өтетін активтер (А3)
Тауарлық материалдық қорлар
Қиын өтетін активтер (А4)
Ұзақ мерзімді активтер
Жиыны

2-кесте. Пассивтердің өтімділік деңгейін талдау

Пассивтер
Жедел міндеттемелер (П1)
Қысқа мерзімді кредиторлық берешек
Қысқа мерзімді міндеттемелер (П2)
Басқа да қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер
Ұзақ мерзімді міндеттемелер (П3)
Ұзақ мерзімді міндеттемелер
Тұрақты міндеттемелер (П4)
Меншікті капитал
Жиыны

Тиімділік – өндірістің тиімділігін көрсететін қатысты көрсеткіш, шығын деігейін, ресурстарды қолдану кезеңін пайыз түрінде сипаттайды. Тиімділік коэффициентінің құрылу негізі кірістерде немесе қолданылған шығындарда, өндірістен түскен түсімде немесе кәсіпорын активтерінде жатыр [4, 253б].

Кәсіпорынның қазіргі жағдайының қандай деңгейде екендігіне көз жеткізгендіктен кәсіпорынның ақша ағыны туралы құжатқа, кіріс пен шығыс құжаттарын қолдана отырып болашаққа болжам жасай аламыз. Аталған құжаттардың негізгі нақты көрсеткіштеріне сүйене отырып, болашақта кәсіпорын табысы белгілі бір пайызға өседі дей отырып, болжамдық пайыздық көрсеткішке арттыра аламыз. Керекті құжаттарды келесі кестелерден қарауға болады.

Ақша ағынын болжамдау кәсіпорынның қызметін қамтамасыз етуде ғана емес, сонымен қатар кәсіпорынның белгілі бір уақытта өзінің міндеттемелерін өтей алатындығында да маңызды рөлге ие.

Кәсіпорынның ақша ағыны туралы есеп үш қызметтен тұрады:

- операциялық қызмет;
- инвестициялық қызмет;
- қаржылық қызмет.

Кәсіпорынның кіріс пен шығыс туралы есебінде кәсіпорынның жалпы табысы, өндірілетін немесе шығарылатын өнімнің өзіндік құны, жалпы әкімшілік шығындары, корпоративтік табыс бойынша шығындары, таза пайдасы және тағы басқалары көрсетіледі.

Қорытындылай келе кәсіпорынның қаржылық жағдайын болжамдау үшін, алдымен қазіргі жағдайын талдап, сол көрсеткіштерге сүйене отырып, белгілі бір пайыздық

мөлшерлемеге арттыру арқылы болжам жасай аламыз. Сонымен қатар тек белгілі бір пайыздық мөлшерлемеге сүйеніп қана емес, кәсіпорынның жабдықтаушылармен қарым-қатынасына байланысты арадағы дебиторлық және кредиторлық берешектер бойынша қандай да бір жеңілдіктерді ұсына отырып болашаққа болжам жасай аламыз. Бұл тікелей кәсіпорынның қазіргі жағдайына, сонымен нарықтағы сұраныс пен ұсынысқа және бәсекелестердің іс-әрекеттеріне де байланысты болып табылады. Әрбір кәсіпорын болашаққа болжам жасауға міндетті, себебі болашақта табысты болу үшін, нарықта тұрақты қалыптасу үшін кез-келген кәсіпорын кем дегенде алдағы 3 немесе 5 жылға нақты жасалатын қадамдарын білуі қажет.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Мадиярова Э.С. Қаржылық менеджмент: Оқу құралы. Алматы: Экономика, 2012. 65б.
2. Тургулова А.К, Әмірханов Р.Ә, Ахинов А.Б. Қаржылық менеджмент: Оқу құралы.- Алматы: Экономика, 2014. -215 б.
3. Бобылева А.З. Финансовый менеджмент: Проблемы и решения: 2015. – 904б.
4. Демесінов Т.Ж. Қаржылық талдау. 2011ж. 253б

УДК 336.7

ИНВЕСТИЦИИ В АГРАРНЫЙ СЕКТОР КАЗАХСТАНА КАК ДРАЙВЕР ЭКОНОМИЧЕСКОГО РОСТА СТРАНЫ

Рамазанова Ш.Ш., Намышева Ж.Б

ЕНУ им. Л.Н. Гумилева., г. Астана, Республика Казахстан
Научный руководитель –Кучукова Н.К.

Актуальность данной статьи обоснована тем, что В Послании Президента Республики Казахстан «Третья модернизация Казахстана: глобальная конкурентоспособность» от 31 января 2017 года аграрный сектор определен ключевым драйвером экономического роста страны. И вот почему.

Рост населения планеты стимулирует развитие агропромышленной индустрии. Доля агропродовольственной продукции в общем объеме мировой торговли выросла с 6,8% в 2005 году до 8,2% в 2015 году. Общемировой экспорт агропродукции за последние десять лет вырос в два раза и превысил \$1,5 трлн. в 2015 году. По прогнозу ООН к 2025 году население Земли превысит 8 млрд. человек, а к 2050 г. может достигнуть 9 млрд. человек. Спрос на продовольствие будет расти, открывая широкие возможности для стран - потенциальных экспортёров. Вместе с тем, 75% мировой торговли продукцией АПК обеспечивается всего 20 мировыми экспортёрами. Глобальными поставщиками являются США, Бразилия, Аргентина, Австралия, Индонезия, Малайзия, Чили и Новая Зеландия. В предстоящие 15 лет численность потребителей среднего класса вырастет на 3 млрд. до 4,8 млрд. человек, 90% прироста численности придётся на Индию и Китай. Рост доходов вызовет изменения в структуре потребления [1].

Сельскохозяйственная отрасль Казахстана обладает уникальным экспортным потенциалом. Площадь сельскохозяйственных угодий Казахстана составляет 215 млн. гектар - более 4% мировых ресурсов. В сельском хозяйстве работает 20% занятого населения (1,6 млн. чел.). Совокупный импорт агропродовольственной продукции близлежащих стран превышает \$210 млрд. Будучи одним из главных направлений экономического развития Казахстана, сельское хозяйство и агропромышленный комплекс обладает очень большим потенциалом и большими резервами. Специфические особенности климатических условий Казахстана дают возможность заниматься выращиванием практически всех культур умеренного теплого пояса, а также полноценно развивать сельское животноводство [2]